



Исатай ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 24-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 5061-06 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 63-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 25.12.2023 № 63-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Исатай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 1 (бір) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Н. Мусин